

Әкімдіктің 2016 жылғы 4 сәуірдегі № 51 "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін деңсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 24 шілдедегі № 129 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 28 шілдеде № 9347 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 14 сәуірдегі № 55 қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 14.04.2021 № 55 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 18-бабы 2) тармақшасына және 139-бабының 9-тармағына сәйкес Қамысты ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Әкімдіктің "Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін деңсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" 2016 жылғы 4 сәуірдегі № 51 қаулысына (2016 жылғы 27 мамырда "Қамысты жаңалықтары – Камыстинские новости" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6305 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін деңсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы";

көрсетілген қаулының 1 – тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Қосымшаға сәйкес, азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін деңсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі айқындалсын.";

көрсетілген қаулының қосымшасы, осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Қамысты ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қамысты ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қамысты ауданы әкімінің экономика мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Г. Бекмухамедов

Әкімдіктің

2020 жылғы 24 шілдедегі

№ 129 қаулысына
қосымша

Әкімдіктің

2016 жылғы 4 сәуірдегі

№ 51 қаулысына
қосымша

Азаматтық қызметшілер болыш табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

1. Денсаулық сақтау саласында:

1) аудандық аурухананың; аудандық емхананың басшысы;

2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;

3) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазынашылық кәсіпорынның клиникалық (жедел медициналық көмек көрсету бөлімшелерінің, күндізгі стационардың, емхананың) және параклиникалық бөлімшелерінің менгерушілері;

4) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекемесі және мемлекеттік қазынашылық кәсіпорын дәріханасының (дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бөлімінің) менгерушісі;

5) барлық мамандықтағы дәрігерлер;

6) акушер;

7) диеталық мейіргер;

8) мейіргер;

9) қоғамдық денсаулық сақтау маманы (статистик);

- 10) зертханашы (медициналық);
- 11) провизор (фармацевт);
- 12) психолог маман;
- 13) рентген зертханашысы;
- 14) әлеуметтік қызметкер;
- 15) фельдшер;
- 16) медициналық тіркеуші.

2. Әлеуметтік қамсыздандыру саласында:

- 1) аудандық халықты жұмыспен қамту орталығының басшысы;
- 2) жұмыспен қамту орталығының (қызметінің) құрылымдық бөлімшесінің маманы;
- 3) қарттар мен мүгедектерге күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
- 4) психоневрологиялық аурулары бар жасы 18-ден асқан мүгедек балаларға және мүгедектерге күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
- 5) арнаулы әлеуметтік қызметтерге қажеттілікті бағалау және айқындау жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
- 6) әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант, халықты жұмыспен қамту орталығының әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультантты;
- 7) аудандық маңызы бар жұмыспен қамту орталығы секторының басшысы.

3. Білім беру саласында:

- 1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы (шағын жинақталған мектептен, мектепке дейінгі ұйымнан, әдістемелік кабинеттен (орталықтан) басқа); аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы: шағын жинақталған мектептің, мектепке дейінгі білім беру ұйымының, әдістемелік кабинеттің (орталық);
- 2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын (шағын жинақталған мектептен басқа) басшысының орынбасары; аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның: шағын жинақталған мектеп басшысының орынбасары;
- 3) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның білім басшысы;
- 4) мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарының барлық мамандықты мұғалімдері;
- 5) мұғалім-логопед, логопед;
- 6) бастапқы әскери даярлықты ұйымдастырушы оқытушы;
- 7) кітапхана басшысы (менгерушісі);
- 8) кітапханашы;
- 9) әлеуметтік педагог;

10) мейірбике (мейіргер);

11) емдемдік мейірбике;

12) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарының педагог-психологі; педагог-психолог (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарының педагог-психологін қоспағанда); психолог;

13) тәрбиелеуші;

14) тәлімгер;

15) музыкалық жетекші (негізгі қызметтердің);

16) әдіскер (негізгі қызметтердің), әдістемелік кабинеттің (орталықтың) әдіскері;

17) қосымша білім беретін педагог;

18) дene тәрбиесі нұсқаушысы (негізгі қызметтердің).

4. Мәдениет саласында:

1) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның басшысы;

2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;

3) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның көркемдік жетекшісі;

4) музыкалық жетекші;

5) аккомпаниатор;

6) хореограф;

7) барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер);

8) қазақ, орыс, ағылшын тілдер мұғалімі;

9) кітапханашы;

10) библиограф;

11) барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметтер);

12) мәдени үйымдастырушы (негізгі қызметтер);

13) режиссер; дыбыс режиссері.

5. Спорт саласында:

1) мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік аудандық маңызы бар қазыналық кәсіпорынның басшысы;

2) аудандық маңызы бар мемлекеттік мекеменің және мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорын басшысының орынбасары;

3) (мамандандарылған) медициналық бике/аға;

4) аудандық маңызы бар аға жаттықтырушы;

5) жаттықтырушы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК